

ӨОЖ 343.3/7

С.Ш. Даубасова

Халықаралық қорғау аясындағы тұлғаларға шабуыл жасаудан қорғауды құқықтық реттеудің кейбір мәселелері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада халықаралық қорғау аясындағы тұлғаларды қол сұғушылықтан қорғауды құқықтық реттеудің кейбір мәселелері ашылған. Аталған іс-әрекеті саралаудың ерекшеліктері, қылмыс құрамы бойынша қылмыстық-құқықтық талдау аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: халықаралық қорғау, тұлға, қол сұғушылық, қорғау, құқықтық реттеу, іс-әрекеті саралау, қылмыс құрамы, қылмыстық-құқықтық талдау аспектілері.

Халықаралық қауымдастықтың алдына жандану маңызды міндет қойып отыр. Ұлттық мемлекеттердің өзінің дәстүрлі функциялары мен құзыреттерін халықаралық ұйымдарға, құқық қорғаушы құрылымдарға беруімен ерекшеленетін белсенді интеграциялық үрдістер қоғамдық дамудың негізгі бағыты болып қалыптасып келеді.

Бүгінде өзара ықпалдасу үрдістері, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қызметі белсенді дамып жатыр. Осы жағдайды ескере отырып, халықаралық қорғау аясындағы тұлғалардың қорғалуы ерекше өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

1972 жылы Бас Ассамблеясының арнайы тапсырмасы бойынша БҰҰ-ның Халықаралық құқық Комиссиясы дипломатиялық агенттер мен халықаралық құқыққа сәйкес арнайы қорғауды пайдаланатын өзге де тұлғалардың қорғалуы мен қол сұғылмаушылығы туралы мәселені зерттеген болатын.

Өзірленген баптардың жобасы 1973 жылғы Бас Ассамблеяның сессиясында қабылданған, 1977 жылы 20 ақпанда күшіне енген, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, оның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу мен жазалау туралы Конвенцияның негізі болып табылды.

Халықаралық міндеттемені өзіне қабылдаған БҰҰ Мемлекет-мүшелері ұлттық қылмыстық заңнамасына тиісті нормалар енгізді.

Мысалы, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде аталған қылмыс 360-бабында баяндалған: «Нападение на лиц или учреждения, которые пользуются международной защитой».

34 бөлім: «Преступления против мира и безопасности человечества» деп аталады. Аталған баптың мәтіні мынадай: «Нападение на представителя иностранного государства или сотрудника международной организации, пользующегося международной защитой, а равно на служебные или жилые помещения либо транспортное средство лиц, пользующихся международной защитой, если это деяние совершено в целях провокации войны или осложнения международных отношений, - наказывается лишением свободы на срок от трех до восьми лет» [1].

Қазақстанның Қылмыстық кодексінің 4-бөлімі дәл осыған ұқсас болып келеді: «Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар», оның ішінде 163-бап «Халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау» деп аталады.

Бірақ та ҚР ҚК-нің 163-бабы мазмұны жағынан ауқымдырақ болып келеді, онда:

«1. Шетелдік мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғау аясындағы халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ халықаралық қорғау аясындағы адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына не көлік құралдарына шабуыл жасау, сол сияқты осы азаматтарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, егер осы әрекеттер соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру мақсатында жасалса - мүліктері тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не қару қолдану не адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жа-

салған, не денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан, абайсызда адам өліміне әкеп соққан нақ сол әрекеттер - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» делінген [2].

Бұл норма 1973 жылғы халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, оның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу мен жазалау туралы Конвенцияның орындалуы үшін қабылданған.

Осы қылмыстың қоғамға қауіптілігі халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаны және мекемені өз мақсаттарында террорды пайдаланатын әр түрлі экстремистік топтардан қорғауды, сақтауды білдіреді.

14 желтоқсан 1973 жылғы «Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, оның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу мен жазалау туралы» Конвенцияның 1-бабына сәйкес, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлға ретінде танылады:

а) мемлекет басшысы, сонымен қатар тиісті мемлекеттің конституциясына сай мемлекет басшысының функцияларын орындаушы алқалы органның әрбір мүшесі, немесе үкіметтің басшысы, немесе шет мемлекетте жүрген сыртқы істер министрі, сондай-ақ онымен бірге жүрген тұлғалар;

б) тұлғаның жеке басына, бостандығына және ар-намысына әр түрлі шабуылдардан арнайы қорғалуына халықаралық құқыққа сәйкес құқығы бар мемлекеттің кез-келген өкілі немесе лауазымды тұлғасы, немесе үкіметаралық халықаралық ұйымның кез келген лауазымды тұлғасы немесе өзге де агенті;

в) «б» тармақшасында көрсетілген тұлғалардың отбасыларының тұрғылықты мүшелері [3].

Шет мемлекеттегі мемлекеттің лауазымды тұлғалары мен өкілдерінің, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен агенттерінің нақты түрлері 1961 жылы қабылданған дипломатиялық қарым-қатынас туралы Вена Конвенциясының, 1969 жылы қабылданған арнайы миссия туралы Конвенцияның, 1975 жылы қабылданған мемлекеттердің өкілдіктері, олардың әмбебапты сипаттағы халықаралық ұйымдармен қатынасы туралы Конвенцияның, 1946 жылы қабылданған БҰҰ-ның артықшылықтары мен имунитеттері туралы Конвенцияның, 1963 жылы қабылданған елшілік қарым-қатынас туралы

Вена Конвенциясының ережелері негізінде, сонымен қатар басқа мемлекеттермен елшілік қарым-қатынас туралы екіжақты конвенциялар ережелері негізінде анықталады. Халықаралық қорғауды тек ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ғана пайдаланып қоймай, сонымен қатар халықаралық ұйымның өзі, сондай-ақ қайырымдылық қорлар, дипломатиялық, елшілік және сыртқы сауда қызметтері және т.б. пайдаланады.

Қылмыстың тікелей объектісі болып халықаралық қорғауды пайдаланатын, тұлғалар мен ұйымдарды қорғауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар танылады. Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға шабуыл жасау барысында қосымша объектісі болып осы тұлғалардың денсаулығы, қол сұғылмаушылығы, ар-намысы мен абыройы табылады.

Жәбірленушілер – халықаралық қорғауды пайдаланатын, шет мемлекеттің өкілдері және халықаралық ұйымның қызметкерлері, олардың отбасыларының тұрғылықты мүшелері.

Шет мемлекеттің өкілдері – өз мемлекетін аумағынан тыс жерлерде және оның атынан өкіл ете алатын құқыққа ие тұлғалар.

Қарастырылып отырған қылмыстың объективтік жағы келесідей қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қамтиды:

1) халықаралық қорғауды пайдаланатын, шет мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық ұйымның қызметкеріне, немесе олармен бірге тұрып жатқан отбасыларының мүшелеріне шабуыл жасау;

2) аталған тұлғалардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайына не көлік құралдарына шабуыл жасау;

3) осы тұлғаларды ұрлау немесе зорлықпен бостандығынан айыру.

Шабуыл жасау – бұл жәбірленушіге зорлық қолдану немесе оны жедел қолдануға шынайы қауіп төндіру жолымен қылмыстық нәтижеге жетуге тікелей бағытталған іс-әрекет.

Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғалардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайына шабуыл жасау деп кінәлінің осындай үй-жайға заңсыз кіруін, мысалы, талқандауды, белгілі бір талаптарды қою және т.б. түсінген жөн.

Осы тұлғаның көлік құралдарына шабуыл жасау – бұл көлік құралына заңсыз кіру, оны заңсыз иелену, немесе көлік құралына қатысты, оны тиісті тұрғыда пайдалануға кедергі жасайтын,

мысалы, дөңгелегін тесу, сәйкес бағытқа жүруіне бөгет келтіру секілді белгілі бір іс-әрекеттерді іске асыру болып саналады.

Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаны ұрлау дегеніміз-осы тұлғаны құпия не ашық, немесе алдау жолымен иеленумен (басып алумен), оны жүрген жерінен (тұрғылықты, жұмыс, емделу жерінен) алып кетумен және оның еркінен тыс басқа жерге орналастырумен байланысты құқыққа қарсы қасақаналы әрекеттер болып табылады.

Бостандығынан зорлап айыру халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаның жеке бостандығын (жүріп-тұру бостандығын) шектеу болып танылады. Әдетте тұлғаны белгілі бір жайға еркінен тыс қамау не байлау арқылы зорлықпен ұстайды.

Бостандығынан заңсыз айырудың адамды ұрлаудан айырмашылығы оны жасау тәсіліне байланысты болады. Адамды ұрлауда оны басып алу бостандықты шектеумен ұласады, ал бостандықтан заңсыз айыруда ондай жоқ.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады. Субъективтік жақтың міндетті белгісі оның арнайы мақсатының болуында – соғысқа итермелеу немесе халықаралық қатынастардың күрделенуі.

Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған кезкелген физикалық есі дұрыс тұлға болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 163-бабының 2-бөліміне сәйкес жауаптылық көзделген:

а) *қылмыстардың бірнеше рет жасалуы* – аталған қылмысты екі не одан да көп рет жасауды білдіреді (ҚР ҚК 11 бабы);

б) *қару қолдану арқылы* – жәбірленушіге қару арқылы физикалық зиян келтіруді білдіреді;

в) *адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған* – егер қылмыс жасауға алдын ала келісіп алған адамдар қатысса;

г) *денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан* – ҚР ҚК 103-бабында көрсетілген денсаулыққа іс жүзінде зиян көрсетуді білдіреді;

д) *абайсызда адам өліміне әкеп соққан* – адамның өлімі заңда көрсетілген әрекеттердің нәтижесі болғанын білдіреді, яғни осы қылмысты жасау мен оның салдары арасында себепті байланыс бар екендігін көрсетеді [4].

Конвенцияның мәтінінде осындай қылмысқа қатысты қатысушы-мемлекеттің құзыры, немесе тиісті тұлғаларды басқа мемлекетке (аумағында

қылмыс жасалған мемлекетке не олардың азаматтығы бар мемлекетке) ұстап беру міндеті бекітілген.

Жағдайы соны талап етіп отырғанына көзі жеткен, аумағында қылмыскер жүрген қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңдарына сәйкес қылмыстық қудалау немесе ұстап беру мақсатында оның қатыстылығын қамтамасыз ететін, тиісті шаралар қолданады. Бұл шараларды қолдану жайлы тікелей өзі, немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы: аумағында қылмыс жасалған мемлекетке; қылмыскер азаматы болып табылатын мемлекетке не мемлекеттерге, немесе ол тиісті аумақта тұрақты тұратын апатрид болса; азаматы халықаралық қорғауды пайдаланатын мүдделі тұлға болып табылатын не оның атынан өз функцияларын жүзеге асыра алатын мемлекетке не болмаса мемлекеттерге; барлық басқа да мүдделі мемлекеттерге; және агенті немесе кез келген лауазымды тұлғасы халықаралық қорғауды пайдаланатын тиісті тұлға болып табылатын үкіметаралық халықаралық ұйымға мәлімдейді [5].

Конвенция ондағы көрсетілген тұлғалардың арнайы қорғалуын қолданымдағы әдеттегі халықаралық құқықтың нормаларынан көрініс тапқандығын көрсетіп отыр.

Конвенцияның ережелері қазіргі кезде барлық мемлекеттердің арасында достық қарым-қатынасты орнату мен нығайту мақсатында халықаралық қауымдастық үшін өте маңызды болып табылады.

18 қараша 2011 жылы Сауд Аравиясының бастамашылығымен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға террористік шабуыл жасау» резолюция жобасын қабылдады. Антиирандық құжатқа 193 өкілдің ішінен 106 өкіл дауыс берді, 9 – қарсы, 40 – мемлекет қалыс қалды [6].

Резолюция «Америка Құрама Штаттарындағы Сауд Аравиясы Корольдігінің елшісін өлтіру мақсатында бүлік шығаруға» қарсылық білдіреді және Иран мемлекетін «халықаралық құқық бойынша барлық өзінің міндеттемелерін, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға қарсы қылмыстардың алдын алу мен жазалау туралы Конвенцияны қоса алғанда орындауға» шақырады.

Резолюция сонымен қатар Иранның «Сауд Аравиясы Корольдігінің елшісін өлтіру мақсатында бүлік шығаруды жоспарлауға, қаржыландыруға, ұйымдастыруға және іске асыруға қа-

тысқан адамдарды жауаптылыққа тартуға көмек көрсетуге» міндеттейді.

Резолюция жобасы бойынша дауыс берудің алдында Бас Ассамблеяның өкілдері антиирандық бағытты алып тастау мақсатын көздеген Тегеранның жобаға енгізген төрт түзетуін қабылдамай қойды.

Бұдан бұрын Иран Ислам Республикасының президенті Махмуд Ахмадинежад АҚШ-тағы Сауд Аравиясы Корольдігінің елшісін өлтіруге ниет білдірген деп Иран билігін айыптауды Вашингтон ұйымдастырды деп айтқаны белгілі. Бұл баяндама Вашингтонның АҚШ-тағы Сауд Аравиясы Корольдігінің елшісін өлтіруді жоспарлауға Тегеранды кінәлі деп тапқаннан кейін жарияланды.

Сонымен, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға қарсы қылмыстарды қасақана жасау немесе осындай қылмыстарға қатысу әрбір қатысушы-мемлекеттермен аса ауыр қылмыс ретінде олардың ішкі заңдарына сәйкес қарастырылады. Халықаралық қорғауды пайдаланатын дипломатиялық агенттер мен өзге де тұлғаларға қарсы қылмыстар мемлекеттер арасындағы халықаралық қарым-қатынастарды, қажетті ынтымақтастықты қолдауға әжептеуір қауіп төндіреді. Дәл осындай жағдаймен халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғалар мен

ұйымдарға шабуыл жасаудың қоғамдық қауіптілігі негізделеді.

Әдебиеттер

1 Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 года. – № 64-ФЗ. – Источник: <http://docs.kodeks.ru/document/9017477>.

2 16 шілде 1997 жылғы №168-1. – Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. – <http://www.zakon.kz/211944-ugolovnyjj-kodeks-rk-2011.html>

3 Международное право в документах. – М., 1982. – С. 409-415.

4 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть). – Астана, 2008. – 1207 с.

5 Конвенция о предотвращении и наказании преступлений против лиц, пользующихся международной защитой, в том числе дипломатических агентов. – Принята резолюцией 3166 (XXVIII) Генеральной Ассамблеи ООН от 14 декабря 1973 года. – Источник: <http://www.un.org/ru/ga/president/65/initiatives/migration.shtml>

6 Источник: <http://news.am/rus/news/82519.html> Ноябрь 19, 2011 | 08:47

С.Ш. Даубасова

Некоторые вопросы правового регулирования защиты личностей от нападения в сфере международной охраны

В данной статье раскрываются некоторые проблемы правового регулирования защиты лиц, пользующихся международным иммунитетом от преступных посягательств. Рассмотрены особенности квалификации данных посягательств, некоторые аспекты уголовно-правового анализа.

C.Sh. Daubasova

Some questions of the legal adjusting of defence of personalities from an attack in the field of international guard

This article describes some of the problems of legal regulation of protection of persons enjoying international immunity from criminal attacks. The features of training data attacks, some aspects of criminal law analysis.